Сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды, бірақ Эмитент қайта сата алмайды.

Күшін жою мақсатында сатып алу Облигациялар сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпауы тиіс.

Облигациялар шығарылымын жою туралы шешімді, егер барлық Облигацияларды Эмитент бағалы қағаздардың қайталама нарығында сатып алған жағдайда, Директорлар кеңесі қабылдайды.

Егер Облигацияларды сатып алу және күшін жою мақсатында сатып алу кезінде Облигацияларды ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды Эмитенттің Директорлар Кеңесінің тиісті шешімімен айқындалған тәртіпте, мерзімдерде және шарттарда сатуды жүзеге асырмаса, Облигацияларды ұстаушы мерзімі өткен әрбір күн үшін осы ұстаушыға тиесілі Облигацияларды эмитентке сату жөніндегі міндеттемені орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, Эмитентке тұрақсыздық төлемін төлеуге міндетті (тұрақсыздық төлемін есептеудің соңғы күні осы ұстаушыға тиесілі Облигацияларды, сатып алынған бағалы қағаздар үшін Эмитенттің шотына аударады).

2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу немесе Күшін жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сатып алуды жүргізеді. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Облигация ұстаушылардың назарына Директорлар кеңесі осындай шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың өкілдерін (бар болған жағдайда) хабардар ету, сондай-ақ, тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы, Эмитенттің ішкі актілерімен, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте жеткізіледі. Хабарламада тәртібі, шарттары және Облигацияларды сатып алу немесе күшін жою мақсатында сатып алу жүргізілетін күні көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды сатып алуды немесе Күшін жою мақсатында сатып алуды жүзеге асырғаннан кейін орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес ашады.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда мыналар көрсетіледі:

1) Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы тиіс:

а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;

б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитенттің іс-қимыл тәртібі:

Осы тармақта қарастырылған қосымша ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларының назарына осы бұзушылық туралы ақпаратты бұзушылықтың пайда болу себептерін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, тиісті хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы хабарлайды.

Облигация ұстаушылардан сатып алу туралы бірінші жазбаша талапты алған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе қандай шаманың ең үлкен болуына байланысты Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алу туралы шешімді қабылдайды.

Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу күні туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Облигация ұстаушыларды Облигацияларды алдағы сатып алу күні туралы Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді.

Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алу туралы бірінші жазбаша талап алынған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Сатып алу Облигация ұстаушылары берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.

3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Облигация ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен кейінгі 25 (жиырма бес) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап беру арқылы өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген органы; тұрғылықты жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигация ұстаушылардың осы анықтамалықта көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайтын болып табылады.

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Кепілдік берген банктің атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, кепілдік мерзімі мен талаптары көрсетілген деректері (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілген болса):

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

16. Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде - концессия шартының және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының деректемелері:

Осы шығарылым облигациялары инфрақұрылымдық емес болып табылады.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 мамырдағы №79 қаулысымен бекітілген отандық өндірістегі жеңіл автокөлікті сатып алушыларды кредиттеу бағдарламасының (бұдан әрі – «Бағдарлама») III бөлімі 2 - тармағының 4) тармақшасына сәйкес облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты – Бағдарламада айқындалған талаптармен отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы жеке тұлғаларды кредиттеуге арналған қарыз тетігі арқылы екінші деңгейдегі банктерді қаржыландыру.

2) инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес Облигация ұстаушылар өкілінің қызметтерін төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі:

Осы шығарылым облигациялары инфрақұрылымдық емес болып табылады.

18. Төлемі Эмитент бұрын орналастырған (Эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен жүргізілетін, айналыс

мерзімі өткен облигацияларды шығару кезінде осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:

Осы шығарылымның облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

- 1) осы анықтамалықта көзделген мерзімде Эмитенттен Облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- 2) Облигациялар бойынша анықтамалықта көзделген мерзімде және мөлшерде олардың номиналды құнынан тіркелген пайызды алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа ережелеріне сәйкес және тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 5) осы анықтамалықта белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және тәртіпте Облигацияларды еркін сату және оларға өзгеше түрде билік ету құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы анықтамалықта көзделген жағдайларда Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері:

- a) Облигация ұстаушылардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың ең үлкені бойынша: (i) жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; (ii) облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін кез келген негіздер туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына Облигацияларды сатып алу үшін негіз пайда болғаны туралы ақпаратты Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізуге міндетті. Осы ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін қандай негіздің орын алатынын, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпаратты егжей-тегжейлі сипаттауды қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама бірінші жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдау.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі көрсетілген шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізуге міндетті. Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі және осы тармақта көрсетілген сатып алу туралы жарияланған ақпараттық хабарлама мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды сатып алу жүргізілген күн;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигация ұстаушылардың оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтарды беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін - облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық өткізу әдісіне нұсқау.
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Эмитенттің Директорлар кеңесі белгілеген сатып алуды өткізу күні Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырмамыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізілуі тиіс.

б) Эмитент осы анықтамалықта көзделген дефолт оқиғасы болған жағдайда.

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда Облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы анықтамалықтың 20-тармағында көрсетілген.

в) Эмитент ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзушылықты осы анықтамалықта көзделген мерзімде бастаған және жоймаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың осы анықтамалықтың 12-тармағында көзделген талаптармен, тәртіппен және мерзімдерде өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

20. Эмитент облигациялары бойынша дефолтты жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) Эмитент облигациялары бойынша дефолтты жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:

Дефолт - Эмитенттің Облигациялары бойынша міндеттемелерді орындамау.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт (бұдан әрі – «**Дефолт оқиғасы**») жариялануы, негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы анықтамалықта белгіленген мерзімде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамау.

2) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде Облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары:

Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған Облигациялар бойынша дефолт жағдайында Эмитент қолданатын шаралар кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рәсімдерді, сондай-ақ Облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қамтиды.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигациялар ұстаушыларымен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде Облигация ұстаушыға берілетін құқықтарды ескере отырып, кредиторлардың келісімімен Директорлар кеңесі қабылдайды.

Эмитенттің кінәсінен купондық сыйақы және/немесе облигациялар бойынша негізгі борыш осы Шарттарда белгіленген мерзімде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларына мерзімі өткен әрбір күн үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұлды төлейді.

Эмитент осы анықтамалықта белгіленген өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмес күш жағдайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмес күш жағдайлары деп болжауға немесе алдын алуға мүмкін болмаған жағдайлар (дүлей құбылыстар, әскери әрекеттер және т.б.) түсініледі. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы анықтамалықта көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақытқа мөлшерлес жылжытылады.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Эмитент Облигацияларды не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) жинақталған сыйақыны ескере отырып, сатып алуға мәлімделген облигациялардың санын көрсете отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша сатып алу туралы жазбаша өтініштерін қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарын және (қажет болған кезде) Облигациялар шығарылымы анықтамалығына ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуі тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде, Облигацияларды ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигациялар және Облигацияларды сатып алу бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда эмитенттің және Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың одан арғы әрекеттері оналту және банкроттық саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген жағдайда, Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

- 3) **Эмитенттің облигация ұстаушыларына орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушыларының ықтимал іс-қимылдарын атау, облигация ұстаушыларының эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:**

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты Облигация ұстаушылардың назарына Биржаның ережелерімен белгіленген тәртіпте Биржаның (www.kase.kz) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізуге міндетті Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- ✓ дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептердің толық сипаттамасы;
- ✓ орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- ✓ Облигация ұстаушылардың эмитентке талаппен айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигация ұстаушылардың ықтимал іс-қимылдарының тізімі;
- ✓ дефолт оқиғасының туындауына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қолданған немесе қолданатын шаралар;

- ✓ Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- ✓ Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

- 4) Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікте болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелген күні (мұндай тұлғалар болған кезде):

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілікте болатын тұлғалар жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:

Сыйақылар төлеу және облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы анықтамалыққа №1-қосымшада келтірілген.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Осы шығарылым Облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды, осыған байланысты Облигация ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Сыйақы төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметін пайдаланбай дербес жүзеге асырады.

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және онда болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу бойынша міндет белгіленген жағдайда):

- 1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және онда болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

Толық атауы: «Halyk Global Markets» акционерлік қоғамы («Қазақстанның Халық банкі» АҚ еншілес ұйымы);

Қысқартылған атауы: «Halyk Global Markets» АҚ.

- 2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және онда болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, A26F8D4, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240 г.

Байланыс телефоны: + 7 (727) 244 65 05

- 3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және онда болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсететін тұлғамен жасалған шарттың күні мен нөмірі.

Қызметтерді көрсету 2021 жылғы 17 ақпандағы № ДОЗ-22-21 Қаржы консультанты мен андеррайтер қызметтерін көрсету туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады.

**Басқарма төрағасының
қаржыны басқару мәселелері жөніндегі орынбасары**



Д. Ю. Бабичев

1-қосымша Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлемдерінің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:

Сыйақыларды төлеу және номиналды құны бойынша негізгі борыш сомасын өтеу Банктің меншікті қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін болады. Банк әрбір кезең бойынша негізгі қызмет түрінен түсетін түсімдер сомасы негізгі борышты өтеу және міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болады деп есептейді.

Төменде Облигациялар айналысы кезеңіне Банктің ақша ағындарының болжамы (млрд. тенге) ұсынылған.

Күні	2021 жылдың 1 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2021 жылдың 2 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2022 жылдың 1 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2022 жылдың 2 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2023 жылдың 1 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2023 жылдың 2 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2024 жылдың 1 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2024 жылдың 2 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2025 жылдың 1 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2025 жылдың 2 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2026 жылдың 1 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2026 жылдың 2 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2027 жылдың 1 жартыжы аяғындағы ағымдағы	2027 жылдың 2 жартыжы аяғындағы ағымдағы
Депозиттер	363,50	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Кредиттік портфель бойынша ағымдағы жылы	234,06	235,18	184,98	254,50	172,51	197,40	177,41	186,15	170,24	166,83	163,67	156,58	94,89	107,93
Қарыз портфелі бойынша ағымдағы жылы	-143,45	-84,58	-107,95	-634,85	-190,02	-89,26	-117,71	-164,34	-153,18	-130,64	-202,29	-80,02	-59,06	-106,83
Инвестициялық портфель бойынша ағымдағы жылы	14,06	3,04	4,95	3,04	3,11	3,04	3,11	7,25	3,04	2,97	32,29	16,75	28,44	17,64
Өзге активтер бойынша түсімнің жылы	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
ЖЕҚ, КТС бойынша және НК және МЕА сатылғу бойынша жылы	0,00	-0,01	0,00	-0,01	0,00	-0,01	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Түсімнің жылы	611,64	238,24	189,95	257,56	175,63	200,46	180,52	193,40	173,28	169,80	195,96	173,33	123,33	125,57
Жылыстау жылы	-143,46	-84,59	-107,95	-634,86	-190,02	-89,27	-117,71	-164,34	-153,18	-130,64	-202,29	-80,02	-59,06	-106,83
ТАЗА ГЭП-ПОЗИЦИЯ	468,19	153,65	82,00	-377,30	-14,39	111,19	62,81	29,06	20,10	39,15	-6,32	93,31	64,27	18,74
КУМУЛЯТИВТІК ҚАЛДЫҚ (+) / АЛШАҚТЫҚ (-)	468,19	621,84	703,84	326,54	312,16	423,35	486,15	515,22	535,31	574,47	568,14	661,45	725,72	744,45

Күні:	2028 жылдың 1-жартыжылдығы	2028 жылдың 2-жартыжылдығы	2029 жылдың 1-жартыжылдығы	2029 жылдың 2-жартыжылдығы	2030 жылдың 1-жартыжылдығы	2030 жылдың 2-жартыжылдығы	2031 жылдың 1-жартыжылдығы	2031 жылдың 2-жартыжылдығы	2032 жылдың 1-жартыжылдығы	2032 жылдың 2-жартыжылдығы	2033 жылдың 1-жартыжылдығы	2033 жылдың 2-жартыжылдығы	2034 жылдың 1-жартыжылдығы	2034 жылдың 2-жартыжылдығы
Депозиттер	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Кредиттік портфель бойынша алынған жаныны	82,95	102,86	73,07	94,60	105,10	59,05	57,96	45,67	35,39	49,55	31,72	37,26	59,96	66,79
Қарыз портфель бойынша алынған жаныны	-49,59	-59,29	-48,41	-70,01	-44,22	-86,91	-20,06	-39,46	-18,77	-31,99	-18,10	-22,49	-17,31	-127,86
Инвестициялық портфель бойынша алынған ағылшыны	42,94	5,32	8,85	0,01	0,11	0,01	0,11	0,01	1,93	4,70	0,01	0,01	0,01	0,01
Өте активтер бойынша түсімін жаныны	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
ЖБҚ, КТС бойынша және НК және MEA сатылу бойынша жылыстау	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Түсімін жаныны	125,89	108,18	81,92	94,61	105,21	59,05	58,07	45,68	37,32	54,25	31,73	37,26	59,97	66,80
Жылыстау жаныны	-49,59	-59,29	-48,41	-70,01	-44,22	-86,91	-20,06	-39,46	-18,77	-31,99	-18,10	-22,49	-17,31	-127,86
ТАЗА ГЭП-ПОЗИЦИЯ	76,30	48,90	33,51	24,60	60,99	-27,86	38,01	6,22	18,55	22,26	13,63	14,77	42,66	-61,06
КУМУЛЯТИВТІ ҚАЛДЫҚ (+) / АЛШАҚТЫҚ (-)	820,76	869,65	903,16	927,75	988,74	960,89	998,90	1005,12	1023,67	1045,93	1059,56	1074,34	1116,99	1055,93

Жалғасы:

Күні:	2035 жылдың 1-жартыжылдығы	2035 жылдың 2-жартыжылдығы	2036 жылдың 1-жартыжылдығы	2036 жылдың 2-жартыжылдығы	2037 жылдың 1-жартыжылдығы	2037 жылдың 2-жартыжылдығы	2038 жылдың 1-жартыжылдығы	2038 жылдың 2-жартыжылдығы	2039 жылдың 1-жартыжылдығы	2039 жылдың 2-жартыжылдығы	2040 жылдың 1-жартыжылдығы	2040 жылдың 2-жартыжылдығы	2041 жылдың 1-жартыжылдығы	2041 жылдың 2-жартыжылдығы
Депозиттер	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Кредиттік портфель бойынша алынған жаныны	92,86	14,81	6,98	13,72	6,57	12,05	4,15	11,28	3,75	10,04	2,44	4,37	0,00	0,00
Қарыз портфель бойынша алынған жаныны	-145,84	-14,71	-24,59	-14,03	-6,98	-7,42	-2,21	-7,05	-1,39	-25,39	-21,37	-3,36	-20,02	-20,02
Инвестициялық портфель бойынша алынған ағылшыны	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01
Өте активтер бойынша түсімін жаныны	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
ЖБҚ, КТС бойынша және НК және MEA сатылу бойынша жылыстау	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
Түсімін жаныны	92,87	14,81	6,99	13,73	6,57	12,06	4,16	11,29	3,75	10,05	2,45	4,37	0,01	0,01
Жылыстау жаныны	-145,84	-14,71	-24,59	-14,03	-6,98	-7,42	-2,21	-7,05	-1,39	-25,39	-21,37	-3,36	-20,02	-20,02
ТАЗА ГЭП-ПОЗИЦИЯ	-52,97	0,10	-17,60	-0,30	-0,40	4,64	1,95	4,24	2,37	-15,35	-18,92	1,01	-20,01	-20,01
КУМУЛЯТИВТІ ҚАЛДЫҚ (+) / АЛШАҚТЫҚ (-)	1002,96	1003,06	985,46	985,15	984,75	989,39	991,34	995,57	997,94	982,59	963,67	964,69	944,67	944,67

Осы қосымшада келтірілген: Эмитенттің ақша қаражаты ағынның болжамдары, дүрыс емес немесе дәл емес болуы мүмкін және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеуді өзгерістерді, салықтық талаптардағы өзгертулерді (салық мөлшерлемелерінің өзгеруін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасын түсінілуі қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелерін, дайындық мөлшерлемелерін, айырбас бағамының және басқа да нарықтық шарттардың өзгеруін қоса алғанда, әр түрлі факторларға өзгертуге жататын болжамдарға, бағалауларға немесе әдістерге байланысты.

Эмитент және акциялардың пайда болуы, болашақ оқиғалар немесе басқа да негіздер салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамдық деректерді жанару үшін осы анықтамалыққа өзгертулерді енгізбейді.

[1] Оның ішінде корреспонденттік шоттардағы және «көрі РЕПО» операциялары бойынша ақша қаражатының қалдықтары есепке алынады

[2] Бұл болжамдар 01.01.2021 жылғы өтімділік деңгейі туралы есеп негізіндегі шотырыландырылмаған негізде есептелген.

[3] ЖБҚ, ҚТС бойынша және НҚ және МЕА сатыл алу бойынша ағындар 2023 жылға дейін әзірленген Даму жоспарынан алынды.

«"Қазақстан Республикасының Қаржы
нарығын реттеу және дамыту агенттігі"
республикалық мемлекеттік мекемесі»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«Республиканское государственное
учреждение "Агентство Республики
Казахстан по регулированию и развитию
финансового рынка"»

Свидетельство о государственной регистрации выпуска негосударственных облигаций


Дата выдачи: 02.04.2021 г.

Номер: KZ46VNA00000761

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию третьего выпуска облигаций в пределах шестой облигационной программы Акционерного общества «Банк Развития Казахстана» (Республика Казахстан, Z05T3E2, город Нур-Султан, район Есиль, проспект Мәңгілік Ел, здание 55А, н.п. 15), бизнес-идентификационный номер 010540001007. Выпуск разделен на 20 000 000 (двадцать миллионов) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00007417. Номинальная стоимость одной облигации 1000 (одна тысяча) тенге. Объем выпуска облигаций составляет 20 000 000 000 (двадцать миллиардов) тенге.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна



«Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» республикалық мемлекеттік мекемесі
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «Республиканское государственное учреждение "Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка"»

Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

Берілген күні: 02.04.2021 ж.

Нөмірі: KZ46VNA00000761

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі 010540001007 бизнес-сәйкестендіру нөмірімен тіркелген «Қазақстанның Даму Банкі» (Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, ғимарат 55А, т.е.б. 15) акционерлік қоғамының алтыншы облигациялық бағдарламасы шегінде үшінші облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді. Шығарылым KZ2C00007417 халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) берілген 20 000 000 (жиырма миллион) атаулы қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларға бөлінген. Бір облигацияның номиналды құны 1000 (бір мың) теңге. Облигациялардың шығарылым көлемі 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге болады.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна

